

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>— 1979 —</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы		4 беттің 1беті
БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ
Бағдарламаның 1 аралық бақылауға арналған сұрақтары

БББ: 6B10111-«Қоғамдық деңсаулық»

Пәні: «Химия»

Пәннің коды: Him 1202

Оқу сағаттарының саны /кредиттер: 90 с/3к

Курс: 1

Семестр: I

Құрастырғандар: проф.м.а. Дәуренбеков Қ.Н.,
 доц. м.а. Дильдабекова Л.А.

Кафедра менгерушісі, х.ғ.к., проф.м.а  **Дәуренбеков Қ.Н.**

Хаттама №12 «03» 06 2024ж.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ	4 беттің 2беті

1 Аралық бақылауға арналған бағдарлама сұрақтары

1. Термодинамика ілімі нені зерттейді? Химиялық термодинамикада қолданылатын негізгі түсініктер.
2. Термодинамиканың 1-ші және 2-ші заңдары. Жүйе параметрлерінің (температура, ішкі энергия, энтальпия, бос энергия, энтропия) тірі материямен байланысы.
3. Термохимия. Жылу сыйымдылық. Биохимиялық процестердің энергиялық күйін сипаттау үшін термохимиялық есептеулерді жүргізу. Жылу эффектілері. Гесс заңы.
4. Кинетика ілімі нені зерттейді. Реакция жылдамдығы. Реакция жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігі. Әсерлесуші массалар заңы. Вант-Гоффи ережесі.
5. Активтендіру энергиясы. Аррениус теңдеуі.
6. Катализаторлардың реакция жылдамдығына әсері. Қышқылдық-негіздік және ферменттік катализдің биологиялық маңызы.
7. Ерітінділер туралы жалпы түсінік.
8. Ерітінділердің құрамын белгілеу тәсілдері.
9. Ерігіштік және оның әртүрлі факторларға тәуелділігі. Генри және Сеченов заңдары.
10. Ерітінділердің коллигативті қасиеттері. Осмос және осмос қысымы дегеніміз не? Вант-Гофтың осмостық теңдеуі.
11. Биологиялық сұйықтықтардағы осмостық маңызы.
12. Ерітіндідегі будың қысымы және Рауль заңы.
13. Медицинадағы гипо-, гипер-, және изотондық ерітінділер. Плазмолиз және гемолиз.
14. Ерітінділердің қайнау температураларының жоғарлауы және қату температураларының төмендеуі. Есептеу теңдеулерін көрсетіңіз.
15. Қышқылдардың және негіздердің теориясы (Аррениус, Бренстед-Лоури).
16. Электролиттік диссоциация. Диссоциация тұрақтысы және дәрежесі. Оствальдтың сұйылту заңы.
17. Судың иондық көбейтіндісі. Сутектік және гидроксилдік көрсеткіштер.
18. Гидролиз дегеніміз не? Тұздардың сумен әрекеттесуінің негізгі жағдайларын түсіндіріңіз.
19. Қандай ерітінділер буферлі жүйелерге жатады? Буферлі әсерлердің механизміне түсінік беріңіз.
20. Буферлі жүйелердің pH есептеу және буферлі сыйымдылықты анықтаңыз.
21. Қанның буферлі жүйелері. Биологиялық сұйықтықтардың қышқылдық-негіздік тепе-тендігі.
22. Биогенді s, p, d- элементтер және олардың биологиялық маңызы.
23. Кешенді қосылыстар және олардың қасиеттері. Кешенді қосылыстардың медико-биологиялық маңызы.
24. Тотығу-тотықсыздану реакцияларының мәні және бағыты. Электродтық потенциалдар. Нернст теңдеуі.
25. Тотығу-тотықсыздану процестерінің медицинадағы маңызы. Потенциометрияның медицина тәжірибесінде қолданылуы.
26. Беттік құбылыстар. Гиббс энергиясы. Беттік керілу.
27. Беттік белсенді заттар (ББЗ) және беттік белсенді емес заттар (ББЕЗ) туралы түсінік беріңіз.
28. Беттік активтілік. Дюкло-Траубе ережесі.
29. Адсорбция. Гиббстің адсорбция изотермасының теңдеуі. Ленгмюр және Фрейндлих теңдеулері. Медицинадағы қолданылуы.
30. Хроматографиялық өлшемдер және олардың медицинада қолданылуы.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	4 беттің 3беті
БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ	

31. Дисперсті жүйелер. Жіктелуі және алыну тәсілдері.
32. Коллоидты ерітінділердің молекулалық-кинетикалық және оптикалық қасиеттері.
33. Коллоидты бөлшектің құрылышы (мицелла).
34. Электрофорез және электроосмос. Медицинада қолданылуы.
35. Коллоидты ерітінділерді тазалау әдістері.
36. Коллоидты ерітінділердің тұрақтылығы және коагуляциясы. Шульце-Гарди ережесі.
37. ЖМҚ ерітінділердің ерекшеліктері. Ісінү.
38. 100 мл 0,2н ерітінді дайындау үшін қажетті кальций хлоридінің массасын есептеңіз.
39. 250 мл 0,1н ерітінді дайындау үшін H_2SO_4 2н ерітіндісінің неше көлемін (мл) алу қажет?
40. 280г су және 40г глюкозадан тұратын ерітіндінің массалық үлесін табыңыз.
41. 50г 5% ерітінді дайындауға қажетті калий перманганатының ($KMnO_4$) массасын есептеңіз.
42. Құрамында 80г H_2O және 20г $NaCl$ бар ерітіндінің массалық үлесін табыңыз.
43. 500мл 0,25н ерітіндідегі Na_2CO_3 массасын есептеңіз.
44. 9% сахароза $C_{12}H_{22}O_{11}$ ерітіндісінің тығыздығы 1,035г/мл тең. Ерітіндінің моляльдығын және молярлығын анықтаңыз.
45. 96 %- этил спирті ерітіндісіндегі спирттің және судың мольдік үлестерін (массасы бойынша) есептеңіз.
46. 8г 0,1н $CuSO_4$ ерітіндісінің көлемін есептеңіз.
47. 20г 1л $NaOH$ ерітіндісінің молярлық концентрациясын есептеңіз.
48. 4,9 г 250 мл ерітіндідегі H_2SO_4 эквиваленттік концентрациясын табыңыз.
49. 200 мл 0,5н ерітінді дайындау үшін қажетті натрий нитратының массасын есептеңіз.
50. Метанның жану жылуын есептеңіз $CH_4(g) + 2O_2(g) = CO_2(g) + 2H_2O(g)$, егер олардың түзілу жылулары келесідей болса: -74,9; -393,5; -241,8 кДж/моль.
51. Ағзада жүретін реакцияның $C_6H_{12}O_6$ (к) = $2C_2H_5OH$ (с)+ $2CO_2$ (г) жылу эффектісін (ΔH^0 298) есептеңіз, егерде $\Delta H^0 = -1273,0; -277,6; -393,5$ кДж/моль мәндерге тең болса.
52. Ағзада жүретін реакцияның $C_6H_{12}O_6$ (к) + $6O_2$ = $6CO_2$ (г)+ $6H_2O$ (с) жылу эффектісін (ΔH^0 298) есептеңіз, егерде $\Delta H^0 = -1273,0; -393,5; -285,8$ кДж/моль мәндерге тең болса.
53. Темір (II) оксидін магниймен тотықсыздандыргандағы Гиббс энергиясын есептеңіз:
 $\Delta G_{FeO} = -244,3$ кДж/моль, $\Delta G_{MgO} = -635,6$ кДж/моль.
 Мыс (II) оксидін сутекпен тотықсыздандыргандағы Гиббс энергиясын есептеңіз: $\Delta G_{SiO} = -129,9$ кДж/моль, $\Delta G_{H2O} = -273,3$ кДж/моль.
54. Мыс (II) оксидін кальциймен тотықсыздандыргандағы Гиббс энергиясын есептеңіз: $\Delta G_{CaO} = -162,0$ кДж/моль, $\Delta G_{CaO} = -635,5$ кДж/моль.
55. Есептеудерді жүргізбей, $N_{2(e)} + 3H_{2(e)} \rightarrow 2NH_{3(e)}$ процесsei үшін энтропия мәнін анықтаңыз.
56. Есептеудерді жүргізбей, $2CO(e) + O_2(e) \rightarrow 2CO_2(e)$ процесsei үшін энтропия мәнін анықтаңыз.
57. Ерітіндіде $[H^+]$ концентрациясы 10^{-8} тең, онда pOH мәні нешеге тең.
58. $[OH^-]$ концентрациялары (моль/л): а) $2,7 \cdot 10^{-10}$, б) $5 \cdot 10^{-4}$ тең болғандағы ерітіндінің pH есептеңіз.
59. 0,01н сірке қышқылы ерітіндісінің диссоциациялану дәрежесі 0,042 тең. Ерітіндінің pH есептеңіз.
60. 0,01н құмырсқа қышқылы ерітіндісінің диссоциациялану дәрежесі 0,1 тең. Ерітіндінің pH есептеңіз.
61. Реакцияның жылдамдығының температуралық коэффиценті $\gamma=3$, егер температураны 40^0C жоғарылатқанда реакция жылдамдығы қалай өзгереді?
62. $2NO(g) + O_2(g) = 2NO_2(g)$ реакциясы үшін қысымды 3 есе арттырғанда реакция жылдамдығы қалай өзгереді?

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ	4 беттің 4беті

63. Реакцияның жылдамдығының температуралық коэффиценті $\gamma=2$, егер температураны 50^0C жоғарылатқанда реакция жылдамдығы қалай өзгереді?
64. $0,02\text{M}$ NH_4OH ерітіндісінің pH есептеңіз ($\text{Kd}=1,8 \cdot 10^{-5}$).
65. $0,01\text{n}$ CH_3COOH ерітіндісінің pH есептеңіз ($\text{Kd}=1,8 \cdot 10^{-5}$).
66. 25^0C температурада $0,5\text{M}$ глюкоза $\text{C}_6\text{H}_{12}\text{O}_6$ ерітіндісінің осмостық қысымын табыңыздар.
67. 293K температура кезінде 350g судағы 16g сахарозадан ($\text{C}_{12}\text{H}_{22}\text{O}_{11}$) тұратын ерітіндінің осмостық қысымын есептеңіз. Ерітіндінің тығыздығын 1-ге тең деп алыңыз.
68. $0,9\%$ NaCl -ді ерітіндісінің осмостық қысымын есептеңіз. Ерітінді тығыздығын 1-ге тең деп алыңыз.
69. 100g суда 9g глюкозыны еріткенде, оның қайнау температуrasesы қанша градусқа жоғарылады ($E=0,52$).
70. 50% (масса бойынша) сахароза ($\text{C}_{12}\text{H}_{22}\text{O}_{11}$) ерітіндісі қандай температурада қайнайды ($E=0,52$)?
71. 40% (масса бойынша) этил спиртінің ерітіндісі қандай температурада қатады ($K=1,86$)?
72. $5,0\text{ g}$ зат 200g суда ерігендеге, ток өткізбейтін $-1,45^0\text{C}$ –та кристалданатын ерітінді пайда болады. Еріген заттың молярлық массасын табыңыз.
73. Кристалдану температуrasesын 1 градусқа төмендету үшін, 100g суда глюкозаның қандай массасын еріту керек ($K=1,86$)?
74. Қайнау температуrasesын 1 градусқа көтеру үшін, 100g суда сахарозаның қандай массасын еріту керек ($E=0,52$)?
75. Құрамы 250g су 65g сахарозадан тұратын ерітіндінің қайнау температуrasesын табыңыз ($E=0,52$).
76. 13g бейэлектролитті 400g диэтил эфирінде еріткенде қайнау температуrasesы $0,453\text{K}$ артты. Еріген заттың молекулалық массасын табыңыз ($E=2,02$).
77. Егер $\varphi^0\text{Fe}_2+/Fe = -0,44\text{V}$, концентрациясы $\text{FeSO}_4 0,01\text{M}$ тең болатын темір электродының электродтық потенциалын есептеңіз.
78. Егер $\varphi^0\text{Cu}^{2+}/\text{Cu} = 0,34\text{V}$, концентрациясы $\text{CuSO}_4 0,02\text{M}$ тең болатын мыс электродының электродтық потенциалын есептеңіз.
79. Егер a) $\text{pH}=7$ b) $\text{pH}=5$ c) $\text{pH}=10$ тең болса, сутек электродының потенциалы нешеге тең?
80. Құрамында $0,5\text{m}$ CH_3COONa және 1m CH_3COOH ($\text{pK}=4,75$) тұратын буфер ерітіндісінің pH есептеңіз.
81. Құрамында 19ml $0,1\text{m}$ NH_4OH және 10ml $0,01\text{m}$ NH_4Cl ($\text{pK} = 4,75$) тұратын буфер ерітіндісінің pH есептеңіз.
82. Құрамында $0,2\text{m}$ NaHCO_3 және 1m Na_2CO_3 ($\text{pK}=10,3$) тұратын буфер ерітіндісінің pH есептеңіз.
83. Құрамында 10ml $0,01\text{n}$ HCOONa және 10ml $0,02\text{n}$ HCOOH ($\text{pK}=3,75$) тұртын буфер ерітіндісінің pH есептеңіз.
84. $\text{pK}=7,2$ тең болған жағдайда фосфатты буфердің әсер ету аймағын анықтаңыз.
85. $\text{K}[\text{Co}(\text{H}_2\text{O})_2(\text{CN})_4]$ қосылысындағы кешен түзушінің тотығу дәрежесін анықтаңыз.
86. $(\text{NH}_4)_2[\text{Fe}(\text{SO}_4)_2]$ қосылысындағы кешен түзушінің тотығу дәрежесін анықтаңыз.